●ПРЕЗИДЕНТ

Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

8 ҚАРАША СЕЙСЕНБІ 2016 жыл №170 (19256) ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ www.syrboyi.kz

**Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жапония Императоры Акихитомен кездесті. Кездесу барысында Қазақстан мен Жапония арасындағы қазіргі қарым–қатынастың ахуалы және оны алдағы уақытта қарқынды дамыту перспективалары талқыланды.**

# ҚАЗАҚСТАН-ЖАПОНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРТА ТҮСЕДІ



Нұрсұлтан Назарбаев екі елдің түрлі саладағы өзара іс-қимылына, соның ішінде Жапонияның Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне тұрақты түрде қатысып келе жатқанына тоқталып, бұл елмен халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, атап айтқанда, ядролық қаруды таратпау және қарусыздану саласында сенімді серіктестік орнағанын айтты.

Қазақстан Президенті жаһандық қақтығыстарды реттеуге және өңірдің тұрақты дамуына ықпал етуге Жапонияның баға жетпес үлес қосқанын атап өтті. Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев 2017-2018 жылдары еліміз БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде жауапты миссия атқару барысында ядролық қарусыз әлем қалыптастыру, энергетика, азық-түлік және су қауіпсіздігі мәселелерін шешуге бағытталған шараларды қолға алатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы сапар аясында Tokyo Rope компаниясында болды.

Елбасы компания қызметімен танысып, шығарған өнімдерін көрді. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев телекөпір арқылы Қазақстандағы болат бұйымдар шығаратын «Токио Роуп Алматы» зауытын салтанатты түрде іске қосу шарасына қатысты.

Алматы қаласында орналасқан бұл кәсіпорын металдан жасалатын түрлі өнім, соның ішінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оның салдарын жою үшін пайдаланылатын габион жүйесін жасау үшін аса берік торлар шығарады.

Зауыттың бірінші кезеңдегі жобалық қуаты 5 мың тонна металл бұйымын шығаруға жетеді, оның мүмкіндігі алдағы уақытта ұлғайтылмақ. Кәсіпорын өнімі Қазақстанда ғана емес, сонымен бірге таяу және алыс шетелге де сатылады деп жоспарланып отыр.

Сапар барысында Нұрсұлтан Назарбаев Жапония Парламентінің Қазақстан Республикасымен достық лигасының төрағасы Такео Кавамурамен және лига мүшелерімен кездесті.

Әңгіме барысында Мемлекет басшысы Жапония Парламентінің Қазақстан Республикасымен достық лигасы екі ел халқы арасындағы стратегиялық серіктестікті нығайтуға баға жетпес үлес қосқанын атап өтті.

Қазақстан Президенті елімізге көрсетілген қолдау мен ынтымақтастықты дамыту жолында жұмсалған күш-жігер үшін алғыс айтты.

Елбасы барлық бағыт бойынша Қазақстан мен Жапония ынтымақтастығының жанданып келе жатқанына назар аударды.

– Біз тәуелсіздіктің 25 жылдығын атап өтудеміз. Бұл онша ұзақ мерзім емес. Алайда, осы уақыт ішінде біз көп жетістікке жеттік деп санаймын. Жапониямен қарым-қатынасты одан әрі дамыту біз үшін маңызды. Біз – Азия елдеріміз, біздің тарихымыз ортақ, – деді Қазақстан Президенті.

Т.Кавамура кездесуге уақыт бөлгені үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа алғысын білдірді.

Т.Кавамура, сондай-ақ, еліміздің 2017-2018 жылдары БҰҰ-ның Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайлануымен құттықтап, Қазақстан бұл міндетті атқару барысында ядролық қарусыздану мен таратпау ісіне бұдан да зор үлес қоса алатынын айтты.

Осы орайда, Мемлекет басшысы өзінің «Әлем. XXI ғасыр» атты манифесін жариялағанына және БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясында 2045 жылға қарай ядролық қарудан азат әлем қалыптастыру мақсатына қол жеткізуге шақырғанына тоқталып, осы бастамаларға Жапония тарапының да қолдау көрсететініне сенім білдірді.

* * *

Кеше Токиода Жапонияның «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысуы туралы шартқа қол қойылды. Құжатқа «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқармасының Төрағасы Ахметжан Есімов пен Көрменің жапондық секторының Комиссары Томиясу Накамура қол қойды.

Ұлттық компания басшысы Жапонияның Көрмеге қатысуын алғашқы болып растаған елдердің бірі екендігін атап өтті.

Ахметжан Есімов Астана қаласында «Болашақ энергиясы» тақырыбында «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу бастамасына қолдау көрсеткендіктері үшін жапондық тарапқа алғыс білдірді.

«Жапонияның осындай іс-шаралар өткізудегі Осака, Цукуба және Аичи қалаларындағы ЭКСПО көрмелері кезінде көрсеткен іс-тәжірибесі мен табысы біз үшін Көрмені сапалы ұйымдастырудың жарқын мысалы болып табылады», - деді Ахметжан Есімов.

Өз кезегінде Жапония секциясының комиссары баламалы-энергетика облысында алдыңғы қатардағы орындардың бірінде тұрған ел ретінде Жапония «ЭКСПО-2017» көрмесінде өзінің ЖЭК саласындағы ең тамаша жетістіктерімен таныстыратындығын мәлімдеді.

«ЭКСПО-2017» біздің мемлекетіміздің жаңартылатын энергия көздері облысындағы ғылыми әлеуетімен таныстыруға арналған алаңға айналады және осы саладағы көпжақты әріптестіктің дамуына түрткі болады, – деп мәлімдеді Томиясу Накамура.

Айта кетейік, «Астана ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесіне қатысушы елдердің тізімін жасау процедурасы екі кезеңнен тұрады – көрмеге қатысуды ресми түрде растау, содан кейін қатысу шартына қол қою.

Қазіргі кезеңде 105 ел, 17 халықаралық ұйым өздерінің «ЭКСПО-2017» көрмесіне қатысатындықтарын растаса, 82 ел көрмеге қатысу шартына қол қойды.

## БҰҰ-ның ҰЙЫМДАРЫ КӨРМЕГЕ ҚАТЫСАДЫ

**«Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқармасының Төрағасы Ахметжан Есімов БҰҰ Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасының (ЮНЕП) ЮНЕП-тің Еуропа бойынша өңірлік бюросының директоры Ян Дусик және Орталық Азияға арналған субөңірлік кеңсенің директоры Наталия Алексеевамен кездесті.**

Ахметжан Есімов көрменің «Болашақ энергиясы» тақырыбының ЮНЕП айналысатын мәселелермен үндестігін атап өтті – ол қоршаған ортаны қорғау, климаттың өзгеруімен күрес, атмосфераға шығарылатын зиянды заттар көлемін қысқарту және экология мәселелерін шешу.

– Көрмеге халықаралық қоғамдастық тарапынан қызығушылық жоғары. «ЭКСПО» көрмесіне 17 халықаралық ұйым қатысады және олардың арасындағы жетеуі БҰҰ-ның ұйымдары – олар ЮНИДО, ЮНЕСКО, МАГАТЭ, ПРООН, ЭСКАТО, ЮНИСЕФ, Баршаға арналған тұрақты энергетика ұйымы және т.б. Олардың барлығы халықаралық ұйымдар плазасында орналастырылатын болады. Егер Сіздер қаласаңыздар, осы павильоннан орын ұсынуға әзірміз, – деді Ахметжан Есімов.

ЮНЕП-тің Еуропа бойынша өңірлік бюросының директоры Ян Дусиктің айтуы бойынша, «ЭКСПО-2017» көрмесіне «Болашақ энергиясы» тақырыбын таңдап алу тұрақты энергетикаға көшу тұрғысынан өте уақытылы болып табылады. Ұйымның осы тақырыпты Мил极ндағы «ЭКСПО-2015» көрмесінде ілгерілету тәжірибесі бар. Онда ЮНЕП қоршаған ортаны қорғаудың жаһандық күнін өткізуге бастамашылық етті, сонымен қатар ең тұрақты және жасыл павильон байқауын өткізді.

– Сонымен бірге біз Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы базасында ұзақмерзімдік ынтымақтастық мүмкіндіктерін қарастырудамыз, бұл идеяны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясында көтерген болатын. Сондай-ақ, біз көрме аяқталғаннан кейін де бірлескен жұмысты жалғастырамыз деп сенеміз, – деп қорытындылады сөзін Дусик.

## ТУҒАН ЖЕРІН ТҮЛЕТКЕН

**Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мерекесі біздің аймағымыз үшін мерейлі істердің бастауы болды. Атакәсіпті дамытып, егін шаруашылығының өлкемізге тән өзіндік дәстүрін қалыптастырған дала академигі, даңғайыр диқан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Ыбырай Жақаевтың 125 жылдығы аталып өтті. Шындығында, тарихы кенен, тағылымы терең Сыр елі – талай туымды тұлғалардың тұғыры болған мекен. Адал еңбегімен, адамгершілік қадір-қасиетімен халқының жүрегінен орын алған осындай азаматтың бірі де бірегейі, соғыс ардагері, Социалистік Еңбек Ері Алдаберген Бисенов. Еңбегі ерен тұлғаның туғанына 90 жыл толуына орай Жалағаш ауданында ұлықтау шаралары аталып өтті.**

Жалағаш ауданының Аққұм ауылында дүниеге келген А.Бисеновтің жастық шағы Ұлы Отан соғысының соңғы жылдарына сәйкес келді. Ел қатарлы қолына қару алып, Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп оралған жас жігіт елдегі еңбек майданына араласты. Ауыл шаруашылығы саласының алғашқы сатысынан бастап, совхоз директоры қызметіне дейін көтерілген білікті маман табыс биігіне жетті. Жалағаш ауданының Жаңаталап ауылын түлетіп, Сырдария ауданының сол кездегі “Қазақ ССР-нің 50 жылдығы” атындағы совхоздың тұрмыс-тіршілігін жаңаша сатыға көтерді. “Еңбек ер атандырады” деген аталы сөз ақиқатқа айналып, азаматтың абыройлы еңбегі республика көлемінде ерекше бағаланды. Туған жерін түлеткен қайраткер 1971 жылы Социалистік Еңбек ері атанып, «Алтын Жұлдызды» кеудесіне қадады.

Екі күнге жоспарланған мерекелік шараның алғашқы күнінде Аққұм ауылында Алдаберген Бисеновтің бюсті ашылып, спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Ал екінші күнгі шара ауылдағы Тайман қари мешітінде рухына құран бағыштаудан басталды. Одан кейін облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов, мемлекет және қоғам қайраткері Сейілбек Шаухаманов, Бақберген Досмамбетов, Әбдіжәлел Бәкір, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы, облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев бастаған меймандар А.Бисенов атындағы №38 орта мектепте ашылған музейді тамашалады.

Ауылдық мәдениет үйіндегі “Еңбегің елдің есінде” атты әдеби композициялық қойылым жырау Бейсенбек Төлеубаевтың еңбегі ерен тұлғаға арнауымен шымылдығын ашты. Аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тажмаханов құттықтау сөз сөйлеп, Еңбек ерінің тағылымды өмір жолының бүгінгі ұрпаққа берері мол екенін атап өтті. Келесі сөз кезегін алған қоғам қайраткері, еңбек ардагері Сәмит Далдабаев абыройлы есімі ел алдында ұлықталып жатқан А.Бисеновтің еңбек жолынан естеліктер айтса, Көкшетау қаласынан арнайы келген Төлеген Қазыбек арнау өлеңін оқып берді. ҚР мәдениет қайраткері, “Құрмет” орденінің иегері Тынышбек Дайрабай, қарымды қаламгер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Итен Қарымсақұлы ағаларымыз кеш мазмұнын арттырған керемет естеліктерін айтып, музейге өз туындыларын табыс етті.

2-бет

25 жылдың 25 жарқын жетістігі

## ҮШ ЖЫЛДА 11 ШАҒЫН АУДАН БОЙ КӨТЕРДІ

**Өткенге көз жүгіртсек, Қызылордадағы шағын аудандардың пайда болуына ондаған жылдар кеткендігін аңғарамыз. Айталық, «Шұғыла» шағын ауданының іргесі 1970 жылдары қаланып, ел 6-7 жылда толықтай қоныстанды. «Ақмешіт», «Мерей» шағын аудандарының құрылысы 1980 жылы басталып, 1990 жылдарға дейін созылған. Қазір ше?..**

Қазіргі күні таныс жандардан «жаңадан салынған үйден пәтер алыпты» деген қуанышты жаңалықтарды жиі естиміз. Ол – заңдылық. Қаланың қай шетіне барсаң да, салынып жатқан үйлерді көресің. Тіпті, кейбір шағын аудандардың атынан да, затынан да жаңылысатын жағдайға жеттік. Бұл – асырып айтқандық емес, шындық.

Тәуелсіздік таңы атқаннан бергі жылдарда облыс орталығы адам танымастай өзгерді. Сәулетті архитектуралық нысандарымыз көбейіп, жасарып-жаңару үстінде. Тұрғын үйлер қатары жыл санап емес, күн санап көбейіп келеді. Соңғы 3 жылда 11 шағын ауданның бой көтеруі осы сөзімізге дәлел. Атап айтсақ, 2013 жылдан бері «СПМК-70», «Арай-2», «Арай-3», «Ипподром», «Сәулет», «Бәйтерек» шағын аудандары. Бұған Жаппасбай батыр, Зейнолла Шүкіров, Сұлтан Бейбарыс көшелері бойындағы жаңа үйлерді қосыңыз.

Иә, баспана мәселесі қашан да өзекті. Өз үйінің төрінде терлеп-тепшіп ас ішуді армандайтындар саны біздің облыста азайып келеді. Соңғы 3 жылда Қызылорда облысында тұрғын үй құрылысы 3 есеге, облыс орталығында 8 есеге өсті. Нақтыласақ, Қызылорда қаласы бойынша жалпы ауданы 265 мың шаршы метрді құрайтын, 3 мың 502 пәтерлік 82 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Пайдалануға берілген үйлерге 7 мыңға жуық отбасы қоныстанды. Статистикаға сүйенсек, облыс халқының саны 2009 жылмен салыстырғанда 100 мың адамға көбейген.

Тәуелсіздіктің ширек ғасырында Қызылорда қаласының бұлайша өсіп-өркендеуі тарихтың жаңа парағы ашылғандығын айғақтайды. Әрине, осынау ауқымды құрылыс үшін миллиардтаған сома қажет. Биыл Қызылорда қаласы бойынша тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мақсатында тартылған инвестиция көлемі арта түсті. Бұл қаржыға 80 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. Яғни, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында қалада баспаналы болатындар қатары көбейгелі тұр.

**Нағымжан САУЯЕВ.**







**Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі**
**Қызылорда қаласы №64 26 қазан 2016 жыл**

# «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 325 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мем.тіркеу № 5634, 2016 жылғы 01 қараша

«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы кодексінің 106-бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 10 желтоқсандағы № 325 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5269 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 29 желтоқсанда «Сыр бойы» және «Кызылординские вести» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. 2016-2018 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2016 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 174 100 033,0 мың теңге, оның ішінде:
салықтық түсімдер – 6 938 936,5 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 3 640 111,6 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 7 110,8 мың теңге;
трансферттер түсімі – 163 513 874,1 мың теңге;
2) шығындар – 172 390 396,7 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 15 161 485,7 мың теңге;
бюджеттік кредиттер – 16 741 494,0 мың теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 1 580 008,3 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 3 013 953,0 мың теңге;
қаржы активтерін сатып алу – 3 036 953,0 мың теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 23 000,0 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – -16 465 802,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 16 465 802,4 мың теңге.»;

4-тармақ жаңа мазмұндағы 19), 20) тармақшаларымен толықтырылсын;

«19) су шаруашылығы нысандарын құжаттандыруды дайындау;

20) «Жұмыспен қамту-2020» жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға қоса қаржыландыру.»;

6-тармақ жаңа мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын;

«6) су шаруашылығын дамыту.»;

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

| Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 8-сессиясының төрағасы | Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы |
|---|---|
| **Қ. Бисенов** | **Н. Байқадамов** |

Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы «26» қазандағы кезектен тыс 8-сессиясының 64 шешіміне қосымша
Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы «10» желтоқсандағы 42 сессиясының № 325 шешіміне 1-қосымша

# 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ

| Санаты | Сыныбы | Ішкі сыныбы | Атауы | Сомасы, мың теңге |
|---|---|---|---|---|
| | | | 1. Кірістер | 174 100 033,0 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 6 938 936,5 |
| | 01 | | Табыс салығы | 2 774 575,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 2 774 575,0 |
| | 03 | | Әлеуметтік салық | 1 721 406,7 |
| | | 1 | Әлеуметтік салық | 1 721 406,7 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 2 442 954,8 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2 442 954,8 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 3 640 111,6 |
| | 01 | | Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер | 231 814,5 |
| | | 1 | Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері | 16 500,0 |
| | | 5 | Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер | 24 232,0 |
| | | 6 | Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар | 5 000,0 |
| | | 7 | Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар | 186 082,5 |
| | 02 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 47,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер | 47,0 |
| | 03 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 087,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері | 2 087,0 |
| | 04 | | Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 921 098,1 |
| | | 1 | Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар | 921 098,1 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 485 065,0 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 2 485 065,0 |
| 3 | | | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 7 110,8 |
| | 01 | | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 7 110,8 |
| | | 1 | Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату | 7 110,8 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 163 513 874,1 |
| | | | Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер | 4 352 050,1 |
| | | 2 | Аудандық (қалалық) бюджеттерден трансферттер | 4 352 050,1 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 159 161 824,0 |
| | | 1 | Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер | 159 161 824,0 |
| Функционалдық топ | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | Бюджеттік бағдарлама | Кіші бағдарлама / Атауы | |
| | | | 1. Шығындар | 172 390 396,7 |
| 01 | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 5 480 483,1 |
| | 110 | | Облыс мәслихатының аппараты | 49 216,0 |
| | | 001 | Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 48 792,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 424,0 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 1 708 821,6 |
| | | 001 | Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 1 435 858,8 |
| | | 004 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 120 671,7 |
| | | 007 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 23 026,1 |
| | | 009 | Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу | 20 972,0 |
| | | 013 | Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету | 105 886,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 407,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 3 017 900,1 |
| | | 001 | Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 109 802,1 |
| | | 009 | Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу | 403,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 907 695,0 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 191 323,0 |
| | | 001 | Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 146 035,0 |
| | | 005 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 44 350,0 |
| | | 061 | Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау | 938,0 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 113 690,0 |
| | | 078 | Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау | 113 690,0 |
| | 282 | | Облыстың тексеру комиссиясы | 207 571,0 |
| | | 001 | Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 207 516,0 |
| | | 003 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 55,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 65 202,8 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік пен туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 65 202,8 |
| | 718 | | Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы | 49 670,4 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 49 670,4 |
| | 730 | | Қазақстан Республикасы Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамсыз ету басқармасы | 46 789,0 |
| | | 001 | Қазақстан Республикасы Президентінің “Байқоңыр” кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамсыз ету жөніндегі қызметтер | 46 789,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 30 299,2 |
| | | 061 | Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту | 30 299,2 |
| 02 | | | Қорғаныс | 1 278 748,2 |
| | 296 | | Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы | 1 278 748,2 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 41 999,0 |
| | | 003 | Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар | 18 313,0 |
| | | 005 | Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру | 231 462,2 |
| | | 007 | Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы | 92 868,0 |
| | | 009 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 6 765,0 |
| | | 014 | Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою | 884 271,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 3 070,0 |
| 03 | | | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 5 298 395,7 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 25 876,0 |
| | | 015 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трасферттер | 25 876,0 |
| | 252 | | Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы | 5 272 519,7 |
| | | 001 | Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 4 035 938,0 |
| | | 003 | Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу | 2 445,0 |
| | | 006 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 1 144 476,8 |
| | | 013 | Белгілі тұратын жері және құжаттары жоқ адамдарды орналастыру қызметтері | 40 591,0 |
| | | 014 | Әкімшілік тәртіппен тұтқындалған адамдарды ұстауды ұйымдастыру | 38 994,0 |
| | | 015 | Қызметтік жануарларды ұстауды ұйымдастыру | 10 074,9 |
| 04 | | | Білім беру | 25 711 136,3 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 473 763,0 |
| | | 003 | Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау | 64 898,0 |
| | | 043 | Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 408 865,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 19 556 515,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 104 090,0 |
| | | 003 | Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру | 934 235,0 |
| | | 004 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру | 9 866,0 |
| | | 005 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу | 11 458,0 |
| | | 006 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру | 721 915,0 |
| | | 007 | Облыстық ауқымда мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу | 208 941,0 |
| | | 012 | Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу | 252 254,0 |
| | | 019 | Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру | 17 091,0 |
| | | 024 | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 3 249 315,0 |
| | | 025 | Орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау | 2 638 350,0 |
| | | 027 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 8 142 092,0 |
| | | 029 | Әдістемелік жұмыс | 58 476,0 |
| | | 050 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін күтіп-ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 437 322,0 |
| | | 054 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Байқоңыр қаласындағы қазақ тілінде білім беру ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 588 104,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 254 983,0 |
| | | 069 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне цифрлық білім беру инфрақұрылымын құруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 12 896,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 915 127,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 2 100 813,0 |
| | | 006 | Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру | 1 826 935,0 |
| | | 007 | Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру | 273 878,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 3 580 045,3 |
| | | 011 | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау | 578 424,4 |
| | | 012 | Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау | 3 001 620,9 |
| 05 | | | Денсаулық сақтау | 38 559 660,1 |
| | 253 | | Облыстың денсаулық сақтау басқармасы | 32 409 849,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 153 259,7 |
| | | 004 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, бастапқы медициналық-санитариялық көмек және медициналық ұйымдар мамандарын жіберу бойынша денсаулық сақтау субъектілерінің стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуі | 37 860,0 |
| | | 005 | Жергілікті денсаулық сақтау ұйымдары үшін қанды, оның құрамдауыштары мен препараттарын өндіру | 393 441,0 |
| | | 006 | Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету | 141 608,0 |
| | | 007 | Салауатты өмір салтын насихаттау | 172 381,1 |
| | | 009 | Туберкулез, жұқпалы аурулар, психикалық күйзеліс және мінез-құлқының бұзылуынан, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты, зардап шегетін адамдарға медициналық көмек көрсету | 5 774 524,8 |
| | | 011 | Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін және аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілері көрсететін медициналық көмекті қоспағанда, жедел медициналық көмек көрсету және санитариялық авиация | 1 227 927,0 |
| | | 013 | Патологоанатомиялық ашып тексеруді жүргізу | 66 099,0 |
| | | 014 | Халықтың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде дәрілік заттармен және балаларға арналған және емдік тағамдардың арнаулы өнімдерімен қамтамасыз ету | 833 232,0 |
| | | 016 | Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету | 28 978,0 |
| | | 017 | Шолғыншы эпидемиологиялық қадағалау жүргізу үшін тест-жүйелерін сатып алу | 1 222,0 |
| | | 018 | Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер | 20 871,0 |
| | | 019 | Туберкулезбен ауыратын науқастарды туберкулезге қарсы препараттармен қамтамасыз ету | 347 182,0 |
| | | 020 | Диабетпен ауыратын науқастарды диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету | 218 531,0 |
| | | 021 | Онкогематологиялық науқастарды химия препараттарымен қамтамасыз ету | 91 693,0 |
| | | 022 | Созылмалы бүйрек функциясының жетіспеушілігі бар, аутоиммунды, орфандық аурулармен ауыратын, иммунитеті жеткіліксіз науқастарды, сондай-ақ ағзаларды транспланттаудан кейінгі науқастарды дәрілік заттармен қамтамасыз ету | 403 515,0 |
| | | 026 | Гемофилиямен ауыратын науқастарды қанды ұйыту факторларымен қамтамасыз ету | 384 317,0 |
| | | 027 | Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау | 1 571 384,9 |
| | | 028 | Жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстау | 93 663,0 |
| | | 029 | Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары | 30 539,0 |
| | | 030 | Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары | 105,0 |
| | | 033 | Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары | 807 138,0 |
| | | 036 | Жіті миокард инфаркті бар науқастарды тромболитикалық препараттармен қамтамасыз ету | 7 111,0 |
| | | 038 | Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде скринингтік зерттеулер жүргізу | 178 611,0 |
| | | 039 | Аудандық маңызы бар және ауыл денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмекті және амбулаториялық-емханалық көмекті халыққа тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетуі | 17 963 177,0 |
| | | 045 | Азаматтардың жекелеген санаттарын дәрілік заттармен амбулаториялық емдеу деңгейінде жеңілдетілген жағдайда қамтамасыз ету | 425 879,6 |
| | | 046 | Онкологиялық науқастарға тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек көрсету | 1 035 599,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 6 149 811,0 |
| | | 038 | Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау | 6 021 770,2 |
| | | 083 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде орналасқан дәрігерлік амбулаториялар және фельдшерлік-акушерлік пункттерді салу | 128 040,8 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 3 472 194,3 |
| | 256 | | Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы | 3 171 430,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 107 498,6 |
| | | 002 | Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 258 241,4 |
| | | 003 | Мүгедектерге әлеуметтік қолдау | 325 168,4 |
| | | 011 | Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу | 6,0 |
| | | 013 | Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 523 604,5 |
| | | 014 | Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 500 802,0 |
| | | 015 | Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету | 410 254,0 |
| | | 017 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне арнаулы әлеуметтік қызметтер стандарттарын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 922,0 |
| | | 018 | Үкіметтік емес секторда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру | 120 233,8 |
| | | 044 | Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру | 5 548,0 |
| | | 045 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 219 612,0 |
| | | 046 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру | 4 831,0 |
| | | 047 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 41 351,0 |
| | | 053 | Кохлеарлық имплантқа дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету | 32 602,0 |
| | | 067 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 34 782,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 585 974,0 |
| | 261 | | Облыстың білім басқармасы | 180 518,8 |
| | | 015 | Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру | 132 559,8 |
| | | 037 | Әлеуметтік сауықтандыру | 47 959,0 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 35 793,0 |
| | | 077 | Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыру | 35 793,0 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 14 589,8 |
| | | 045 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2012-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 14 589,8 |
| | 295 | | Облыстың еңбек саласындағы бақылау басқармасы | 59 862,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер | 59 862,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 10 000,0 |
| | | 039 | Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау | 10 000,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 16 398 958,5 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 98 096,0 |
| | | 021 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамытуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 98 096,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 3 321 121,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 123 292,4 |
| | | 032 | Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау | 2 525 996,0 |
| | | 038 | Коммуналдық шаруашылығын дамыту | 87 782,6 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 584 050,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 12 979 741,5 |
| | | 014 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін жобалауға және (немесе) салуға, реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттері | 937 915,6 |
| | | 025 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруды дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 317 793,0 |
| | | 034 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері | 11 724 032,9 |
| 08 | | | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 4 853 966,2 |
| | 263 | | Облыстың ішкі саясат басқармасы | 1 054 400,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 203 411,0 |
| | | 003 | Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру | 128 918,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер | 596 610,0 |
| | | 010 | Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту | 22 626,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 9 501,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 93 334,0 |
| | 273 | | Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 1 680 125,1 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 76 816,0 |
| | | 005 | Мәдени-демалыс жұмысын қолдау | 218 544,0 |
| | | 007 | Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету | 328 379,0 |
| | | 008 | Театр және музыка өнерін қолдау | 562 624,0 |
| | | 009 | Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 169 628,8 |
| | | 010 | Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету | 218 597,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары | 22 800,3 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 82 736,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 1 726 329,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 260 745,0 |
| | | 002 | Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу | 103 752,0 |
| | | 003 | Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық спорт жарыстарына қатысуы | 1 027 011,0 |
| | | 032 | Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің және ұйымдардың күрделі шығыстары | 13 854,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 320 967,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 7 939,8 |
| | | 010 | Туристік қызметті реттеу | 7 939,8 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 385 172,3 |
| | | 018 | Мұрағат объектілерін дамыту | 50 000,0 |
| | | 024 | Спорт объектілерін дамыту | 177 823,0 |
| | | 027 | Мәдениет объектілерін дамыту | 157 349,3 |
| 09 | | | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 753 020,4 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 753 020,4 |
| | | 007 | Жылу-энергетикалық жүйесін дамыту | 0,0 |
| | | 071 | Газ тасымалдау жүйесін дамыту | 549 881,4 |
| | | 081 | Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу | 203 139,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 10 007 821,8 |
| | 251 | | Облыстың жер қатынастары басқармасы | 61 377,5 |
| | | 001 | Облыс аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 41 440,0 |
| | | 003 | Жер қатынастарын реттеу | 19 937,5 |
| | 254 | | Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы | 1 202 001,3 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 84 395,5 |
| | | 002 | Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу | 6 331,0 |
| | | 003 | Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 18 382,2 |
| | | 005 | Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру | 692 525,0 |
| | | 006 | Жануарлар дүниесін қорғау | 13 012,0 |
| | | 008 | Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар | 375 355,6 |
| | | 022 | Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту | 5 000,0 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 2 000,0 |
| | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 5 000,0 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 8 382 231,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 139 330,0 |
| | | 002 | Тұқым шаруашылығын қолдау | 17 497,0 |
| | | 014 | Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау | 270 550,0 |
| | | 018 | Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру | 1 899,0 |
| | | 019 | Инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі қызметтер | 57 983,0 |
| | | 020 | Басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауар-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуды субсидиялау | 1 943 146,0 |
| | | 029 | Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар | 30 495,0 |
| | | 041 | Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату | 473 103,0 |
| | | 045 | Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау | 23 391,0 |
| | | 046 | Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу | 5 821,0 |
| | | 047 | Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау | 1 061 511,0 |
| | | 048 | Ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топыракта өсіру | 2 424,0 |
| | | 050 | Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу | 967 688,0 |
| | | 053 | Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау | 2 708 830,0 |
| | | 056 | Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау | 678 563,0 |
| | 725 | | Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы | 53 988,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 53 988,0 |
| | 719 | | Облыстың ветеринария басқармасы | 308 224,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 44 586,0 |
| | | 028 | Уақытша сақтау пунктіне дейін ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер | 3 654,0 |
| | | 030 | Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасына арналған ветеринариялық препараттарды, олардың профилактикасы мен диагностикасы жөніндегі қызметтерді орталықтандырып сатып алу, оларды сақтауды және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына тасымалдауды (жеткізуді) ұйымдастыру | 157 568,0 |
| | | 052 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешеннің жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 102 416,0 |
| 11 | | | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 387 622,0 |
| | 724 | | Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы | 64 717,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 64 717,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 322 905,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 298 295,0 |
| | | 114 | Жергілікті бюджеттерден берілетін нысаналы даму трансферттері | 24 610,0 |
| 12 | | | Көлік және коммуникация | 7 851 412,7 |
| | 268 | | Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы | 7 851 412,7 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 62 442,3 |
| | | 002 | Көлік инфрақұрылымын дамыту | 2 860 217,1 |
| | | 003 | Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету | 122 014,0 |
| | | 005 | Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау | 17 682,0 |
| | | 007 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 2 686 218,0 |
| | | 025 | Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу | 1 202 594,8 |
| | | 113 | Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 900 244,5 |
| 13 | | | Басқалар | 23 542 017,7 |
| | 120 | | Облыс әкімінің аппараты | 339 288,0 |
| | | 008 | «Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету | 339 288,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 17 625 791,8 |
| | | 012 | Облыстық жергілікті атқарушы органының резерві | 98 398,0 |
| | | 048 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілер еңбекақысының деңгейін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 816 650,0 |
| | | 055 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын азаматтық қызметшілерге еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделіне көшуге, сонымен қатар оларға лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 14 780 169,0 |
| | | 056 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне жергілікті бюджеттердің шығыстарын өтеуді және өңірлердің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | 1 930 574,8 |
| | 258 | | Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы | 407 911,0 |
| | | 003 | Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу | 407 911,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 2 955 211,1 |
| | | 024 | Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 2 259 074,1 |
| | | 037 | Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде инженерлік инфрақұрылымды дамыту | 696 137,0 |
| | 280 | | Облыстың индустриялдық-инновациялық даму басқармасы | 115 870,0 |
| | | 001 | Жергілікті деңгейде индустриялық-инновациялық қызметті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер | 115 870,0 |
| | 285 | | Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы | 2 667,0 |
| | | 096 | Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау | 2 667,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 619 610,8 |
| | | 051 | «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту | 619 610,8 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 1 475 668,0 |
| | | 005 | «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау | 19 000,0 |
| | | 006 | «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау | 1 286 668,0 |
| | | 015 | «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру | 170 000,0 |
| 14 | | | Борышқа қызмет көрсету | 7 597,4 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 7 597,4 |
| | | 016 | Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету | 7 597,4 |
| 15 | | | Трансферттер | 28 787 362,3 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 28 787 362,3 |
| | | 007 | Субвенциялар | 28 599 752,0 |
| | | 011 | Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару | 158 919,5 |
| | | 017 | Нысаналы мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттерді қайтару | 6 346,9 |
| | | 053 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару | 22 343,9 |
| | | | 3. Таза бюджеттік кредиттеу | 15 161 485,7 |
| | | | Бюджеттік кредиттер | 16 741 494,0 |
| 06 | | | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 1 761 260,0 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 1 761 260,0 |
| | | 037 | Жұмыспен қамту 2020 жол картасы шеңберінде ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру | 1 761 260,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 12 944 004,0 |
| | 279 | | Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 6 721 007,0 |
| | | 046 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 1 275 904,0 |
| | | 048 | Жылу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкция және құрылыс үшін кредит беру | 5 445 103,0 |
| | 288 | | Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы | 6 222 997,0 |
| | | 009 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру | 6 222 997,0 |
| 10 | | | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 1 336 230,0 |
| | 255 | | Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы | 1 336 230,0 |
| | | 025 | Мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер | 1 336 230,0 |
| 13 | | | Басқалар | 700 000,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 700 000,0 |
| | | 007 | Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ несиелеу | 500 000,0 |
| | | 069 | Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру | 200 000,0 |
| | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 580 008,3 |
| 5 | | | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 580 008,3 |
| | 1 | | Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 577 698,0 |
| | | 03 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 1 377 698,0 |
| | | 06 | Қарыз алушы банктерге жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу | 200 000,0 |
| | 2 | | Пайдаланылмаған бюджеттік кредиттердің сомаларын қайтару | 2 310,3 |
| | | 04 | Облыстық бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен қайтару | 2 310,3 |
| | | | 4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо | 3 013 953,0 |
| | | | Қаржы активтерін сатып алу | 3 036 953,0 |
| 07 | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 308 665,0 |
| | 279 | | Облыстың Энергетика және тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық басқармасы | 308 665,0 |
| | | 047 | Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде аудандардың ( облыстық маңызы бар қалалардың) жарғылық капиталын ұлғайтуға берілетін нысаналы даму трансферттері | 154 396,0 |
| | | 049 | Қазақстан Республикасының орнықты дамуына және өсуіне жәрдемдесу шеңберінде жарғылық капиталын ұлғайтуға | 154 269,0 |
| 13 | | | Басқалар | 2 728 288,0 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 2 068 288,0 |
| | | 005 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 2 068 288,0 |
| | 279 | | Облыстың Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 300 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 300 000,0 |
| | 289 | | Облыстың кәсіпкерлік және туризм басқармасы | 360 000,0 |
| | | 065 | Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту | 360 000,0 |
| 6 | | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 23 000,0 |
| | 01 | | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 23 000,0 |
| | | 1 | Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер | 23 000,0 |
| | | | 5. Бюджет тапшылығы (профициті) | -16 465 802,4 |
| | | | 6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 16 465 802,4 |
| 7 | | | Қарыздар түсімі | 16 241 494,0 |
| | 01 | | Мемлекеттік ішкі қарыздар | 16 241 494,0 |
| | | 1 | Мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар | 6 222 997,0 |
| | | 2 | Қарыз алу келісім-шарттары | 10 018 497,0 |
| | | | Қарыздарды өтеу | 1 580 008,3 |
| | 257 | | Облыстың қаржы басқармасы | 1 580 008,3 |
| | | 015 | Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу | 1 577 698,0 |
| | | 018 | Республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару | 2 310,3 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 1 804 316,7 |
| | | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 1 804 316,7 |
| | 1 | | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1 804 316,7 |
| | | 01 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 1 804 316,7 |

# ТӘУЕЛСІЗДІКТІ АҢСАҒАН ТҰЛҒА






**А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Руханиятты қолдау» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Тұрсынбай датқа – тәуелсіздікті аңсаған тұлға» тақырыбында танымдық конференция болып өтті.**

Конференцияға Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Нұрхан Жәлиев, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір, зерттеуші-ғалым Тынышбек Дайрабай, Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Рашид Оразов, мемлекет және қоғам қайраткері Қожахмет Баймаханов, Махмұт Нәлібаев және датқаның ұрпақтары, тарихшылар мен зерттеушілер қатысты.

Шараны «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Бағдат Кәрібозұлы ашып, жүргізіп отырды.

Тұрсынбай Бүркітбайұлы – XIX ғасырда Сыр бойының орта ағысында өмір сүрген, дарабоз қарым-қабілетімен, қайсар өр мінезімен және басшылық дарынымен көпшілікке танымал болған тұлға. Ол 1798 жылы қазіргі Шиелі ауданына қарасты Ботабай ауылында дүниеге келген.

Жаратылысынан еті тірі, ширақ жігіт азаматтық белсенділігімен көзге түседі. Қоқан хандығы билеушілерінің алдында өз халқының мұң-мұқтажын айтып, намысын қорғай алған ол сол хандықтағы төртінші билік лауазымы датқа атағын алған. Тұрсынбай датқа өз қарамағындағы ауылдарға қорған бола білген. 1845 жылы датқа Кенесары ханмен кездесіп, хан әскеріне 50 жылқы беріп, көмек қолын созған. Ақмешітті жаулап алған әлеуетті Ресейдің Александр II патшасы 1859 жылы ұлтымыздың сол тұстағы беткеұстар жақсы-жайсаңдарымен бірге датқаны да Петерборға жеке салтанатты қабылдауына шақырған. Қабылдауда зауряд-хорунжий (жорықтағы офицерлік шен) атағымен бірге иыққа тағатын Станислав лентасымен марапаттаған. Жарты ғасырға жуық ат үстінен түспей халқының амандығы мен іргесінің бүтін болуы жолында күрескен Тұрсынбай датқа 1863 жылы қазаға ұшырайды. Оның сүйегі қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Иассауи кесенесіне қойылған.

Конференция барысында Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Н.Жәлиев елінің амандығы, бірлігі, болашағы үшін күрескен батырды жас ұрпаққа насихаттаудың маңыздылығына тоқталып, Тұрсынбай датқа әлі де зерттеуді қажет ететін тақырып екенін айтып өтсе, Ә.Бәкір «Ел ішінде тәртіп пен бірлікті мұрат тұтқан» тақырыбында хабарлама жасады. Сонымен бірге жиында «Тарих Тұрсынбай датқа туралы не дейді?» тақырыбында Т.Дайрабайдың, «Қоқан хандығы және Тұрсынбай датқа» туралы Р.Оразовтың баяндамаларын тыңдады. Жиын соңында XIX ғасырда Сыр бойы қазақтарының басына түскен қатерлі де қиын кезеңде халқына пана болған Тұрсынбай датқаның өнегелі өмірі мен азаматтық жолындағы күрескерлік қызметін қамтитын «Тұрсынбай датқа (тарихи-деректі хикаяттар)» атты кітаптың тұсауы кесілді.

Соңынан ұрпақтары баба рухына арнап ас беріп, дұға бағыштады.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

## АПТА АҒЫМЫНДА

## Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай АЙМАҚТА ӨТЕТІН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРАЛАР

**8 қараша.** «Отбасындағы татулық – озбырлықсыз қоғам» аймақтық конференциясы, Қызылорда қаласы, «Nomad Palace» қонақүйі, сағат 9:30.

**8 қараша.** Қызылорда облысы жастарының Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне үлес қосқан әйелдермен кездесуі, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ Студенттер сарайы, сағат 14:30.

**8 қараша.** Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Ә.Оспановтың 75 жасқа толуына арналған шығармашылық ән кеші, Қызылорда қаласы, А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйі, сағат 16:30.

**11 қараша.** «Тәуелсіздік және азаматтық қоғам: әлеуметтік жаңғыру» тақырыбындағы VII аймақтық Азаматтық форум, Қызылорда қаласы, «Облыстық мекемелер үйі» ғимараты, сағат 9:00.

**11 қараша.** «Менің елім – Мәңгілік ел» атты республикалық жастар акциясының өңірлік кезеңі, Қызылорда қаласы.

## СПОРТ

### АЗАМАТ РУХЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

**Қазан айының соңғы күндері Арал қаласында ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында бокстан жастар мен жасөспірімдер арасында республикалық турнир өтті. Биыл үшінші мәрте ұйымдастырылған турнир Арал ауданының айтулы азаматы, меценат, облыстық мәслихаттың депутаты Тоғыс Жұмашевті еске алуға арналды. Дүбірлі додаға көршілес өзбек елінің Шыршық қаласы мен Атырау, Ақтөбе, Жамбыл және Қызылорда облыстарының үкілі үміттері қатысты.**

Төрт күнге созылған жарыс қорытындысында жастар арасында жергілікті боксшылар Тілек Асқарұлы мен Рахымбек Шыманов, Өзбекстан өкілі Зойыржон Жұманазаров пен қазалылық Нұрлыбек Ермаханов жеңіс тұғырына көтерілді. Жасөспірімдер бәсекесінде Ақтөбе қаласының қос дүлдүлі Абылайхан Әбекешов пен Айдос Медет қарсыластарын қапы қалдырса, алаң қожайындары Қуаныш Нағашыбаев пен Ерсұлтан Бексұлтанов, Тәңірбек Әлібеков пен Наурызбек Қалила жеңімпаз атанды.

Ал кіші жасөспірімдер сайысында Атырау қаласынан келген Айдар Рүстем, құлсарылық Қуаныш Бөрібайұлы, Бақдәулет Айтымов (Сексеуіл кенті), Қамыстыбас ауылынан Алмат Алмасұлы және жалағаштық Ерұлан Жамбыл жеңістің биік сатысынан қол бұлғады.

### БАТЫР БАБА АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

**Қызылорда қаласындағы Жалаңтөс баһадүр атындағы облыстық спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта батыр бабаны еске алуға арналған бокстан жасөспірімдер арасында республикалық турнир мәреге жетті. Биыл оныншы мәрте ұйымдастырылған турнир ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналды.**



Төрт күнге созылған жарыста еліміздің он облысы мен Қырғызстаннан 350-дей былғары қолғап шеберлері 23 салмақ дәрежесінде жүлделерді сарапқа салды. Жарыс ұлдар арасында 18, қыздар арасында 5 салмақта өтті.

Қыздар арасында Қуаныш Бұрхан, ұлдар арасында Сәдуақасов Еркебұлан есімді қызылордалықтар "Жеңіске деген жігері үшін" номинациясымен марапатталса, қыздар арасында Алматы облысынан Ақерке Агипова, ұлдар арасында қызылордалық Рахымжан Шанжархан "Ең үздік боксшы" деп танылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медаль, диплом және естелік сыйлықтар табысталды.

### КӨЛДЕЕВТІҢ КҮМІС ЖҮЛДЕСІ

Бәрекелді!



**Ақтөбе қаласында гір спортынан ересектер арасында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз Нұрсұлтан Көлдеев күміс жүлдені мойнына ілді. 68 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен ол 32 келі гір тасын 97 рет серпе, 61 рет жұлқа көтеріп, нәтижесінде 158 ұпай жинады. Жарысқа 39 мемлекеттің спортшылары қатысты.**

Нұрсұлтан Көлдеев – гір спортынан ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері. Ересектер арасында бес, жастар арасында үш, жасөспірімдер арасында үш дүркін Қазақстан чемпионы атанды. 2014 жылы Эстонияда өткен Еуропа біріншілігінде күміс жүлдені иеленсе, сол жылы Лас-Вегаста Әлем кубогының қола жүлдесіне қол жеткізді. Сондай-ақ, талапты жас 2 дүркін Әлем чемпионатының қола жүлдегері (2013 ж. Ресей, 2014 ж. Германия), Әлем чемпионатының күміс жүлдегері (2015 ж. Ирландия), Еуропа чемпионы (2015 ж. Болгария).

Нұрсұлтан енді 7-9 желтоқсан аралығында Көкшетауда өтетін ҚР кубогында бақ сынайды.

**Б.СМАЙЫЛҰЛЫ.**

## ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

# ТЕҢІЗ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ



**Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада аралдық ақын Шынтемір Әмишаұлының «Қайдасың, Қасқақұланым...» және «Жоқ іздеген жүрек» кітаптарының тұсаукесері өтті.**

Шығармашылық кеш «Жоқ іздеген жүрек» деректі фильмімен басталды. Оған автордың өнегелі өмір жолы, ақындығы мен азаматтығы арқау етіп алыныпты.

Өткен ғасырдың орта шеніндегі неміс басқыншыларына қарсы сұрапыл соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін бір жылдан соң, айдынды Аралдың алыс қойнауы Қасқақұлан ауылында дүниеге келген Шынтемір ағаның ат жалын тартып мінгеннен кейінгі бар ғибратты ғұмыры Қаратерең ауылында өтіп келеді екен.

Өскелең ұрпақты сапалы біліммен сусындатып, саналы тәрбие бере білген Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының түлегі табиғат берген талантқа мойынсұнып, соңғы үш жылда қос кітаптың авторы атанды. Бүгінде жетпістің желкеніне мінген қаламгердің қос кітабының да жауапты шығарушысы фольклортанушы ғалым, жерлесіміз Берік Жүсіпов болса, жыр жолдарының шынайы бағасын беріп, пікірін білдірген белгілі ақын Маралтай Райымбекұлы.

Сахна төріне шақырылған Шынтемір аға ойтеңіздің түбінде жатқан сөз маржандары көкірегіне қалай қонақтап, жүрегінен қалай жыр болып ақтарылып жатқанын, өлең өлкесіндегі өскен ортасын жырсүйер қауымға әңгімелеп берді.

Тұсаукесер кештің өзегі – жыр десек, Шынтемір ағаның қаламынан туған толғаулары да баршылық екен. Солардың бірі – «Таным» толғауын жас жыршы Жарасхан Төлебай тыңдарман қауымға орындап бергеннен кейін кеш қонақтары – Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің профессоры Қазыбай Құдайбергенұлы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, ақын Қайырбай Зәкіров, Алматыдан ат арытып жеткен сыныптасы Тілектес Жұмағалиев, аймақ ұстаздарының басылымы «Сыр мектебі» газетінің бас редакторы Махмұтбай Әміреұлы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі Итен Қарымсақұлы, қоғам қайраткері, Жалаңтөс баһадүр атындағы республикалық қордың төрағасы Нәжмадин Мұсабаев, өлең өлкесіндегі үзеңгілес інісі, Ж.Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың иегері Толыбай Абылаев жүрекжарды лебіздерін жеткізсе, университет студенттері – Арайлым Өмірбек, Дастан Айтбай, Айшолпан Мүтәліп, Қонысбек Мәлік, Айшолпан Құрмашева, сондай-ақ немересі Жанарыс Шынтемір ақын өлеңдерін жатқа оқыды.

Шынтемір Әмишаұлының туған топырағына арналған «Қасқақұлан» атты өлеңіне қазір Ақтөбе қаласында тұрып жатқан жерлесі Талғат Тілеулесов ән шығарған екен. Шығармашылық кеш филармония әншісі Данияр Есентеміровтің орындауындағы осы әннің тұсаукесерімен аяқталды.

**Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.**

## АЛАЯҚҚА АЛДАНЫП ҚАЛМАҢЫЗ

Соңғы уақытта талайды сан соқтырған алаяқтық заманына сай түрленіп, әдіс-тәсілдерін жаңартып, жетілдіре түсуде. Талайды тақырға отырғызған алаяқтардан абайламаса болмайды.

Азаматтық құқық бұзушылықтың жаңа түрлері және заманауи технологияларды пайдалану арқылы қылмысты жасаудың жаңа әдістері пайда болуда. Уақыт өтсе де өзгермейтіні қылмысты жасаудың себебі ғана. Ол – адамның пайдакүнемдік теріс пиғылы. Оңай олжаны көздегендер алаяқтықты кәсіпке айналдырады. Бір әдіспен қашанғы алдай алсын? Несиені үшінші адамдар арқылы заңсыз ресімдеу, иелікте жоқ мүліктің саудасаттығы, туысқандар туралы жалған мәліметтер беру, алдап-арбаудың сан қилы айла-шарғылары пайда болуда.

Өмір шындығы меншікке қарсы қылмыстың алдын алу және онымен күресуге қатысты жаңа талаптар қоюда.

Алаяқтық жасаудың негізгі себебі азаматтардың өзіне «алтын тау» уәде еткен бөтен адамдарға орынсыз сенгіштігі болып табылады.

Алаяқтық дегеніміз – ең алдымен жалғандық, өзгенің сеніміне кіріп алдау. Сондықтан қылмыстың бұл түрімен күрестің тиімді жолы сізді алдауы мүмкін адамның айтқан мәліметтерінің анық-қанығына көз жеткізу. Алаяқтық белгілерін байқап қалсаңыз, мына қарапайым сақтық шараларын орындағаныңыз дұрыс. Егер жаңа танысыңыздың іс-әрекеті, сөзі күдік тудырса, ең алдымен оның кім екендігін анықтауға тырысыңыз. Оның құқық белгілейтін құжаттарын (куәлік, сенімхат, сертификат, т.б.) көрсетуін сұраңыз. Әртүрлі себеппен ол ұсынған іс-әрекеттің орындалуын кейінге қалдырыңыз. Істің мән-жайын анықтағанға дейін оған ақша бермеңіз, ешқандай құжатқа қол қоймаңыз. Болған оқиға жайлы дереу құқық қорғау органдарына хабарлаңыз.

**А.АКПАРОВА,**
**Қызылорда қалалық прокуратурасының бөлім прокуроры.**

## Қызылорда облысындағы мүлікті жария ету барысы туралы

Қызылорда облысында мүлікті жария ету жұмыстары жалғасуда.

2016 жылдың 7 қарашадағы жағдайы бойынша Қызылорда облысында мүлікті жария етуге барлығы **1690 өтініш 2002** жылжымайтын мүліктерді жария етуге берілген. Оның ішінде **тұрғын емес үй-жайлар бойынша – 1140 өтініш, соның ішінде коммерциялық объектілер бойынша – 949 өтініш, тұрғын үй бойынша – 862 өтініш.** Келіп түскен өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы **14 790 173,4 мың теңгені** құрады.

**1446 өтініш** бойынша жалпы құны **13 496 047,7 мың теңге** болатын **1722 объект** жария етілген.

**Қызылорда облысының қаржы басқармасы.**

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Атақаев Абдулла Нәбиұлының атына Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шаған ауылы, Атақаев көшесі №7 үйге берілген жер учаскесіне жеке меншік құқығын беретін актісінің (кадастрлық №10-153-009-1295, №0114213 14.01.2014 ж.) түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

# 2016 жылдың қыркүйек айындағы қаржы нарығының жағдайы туралы

**Инфляция**

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми деректері бойынша 2016 жылдың қыркүйек айын осы жылдың өткен айымен салыстырғанда Қызылорда облысындағы тұтыну бағаларының индексі 100,3%-ды құрады. Азық-түлік тауарлары бағасының индексі 99,8 %-ды, азық-түлік емес тауарлары бағасының индексі – 100,5%-ды, халыққа көрсетілетін ақылы қызметтер бағасының индексі – 100,7%-ды құрады.

**Депозит нарығы**

2016 жылдың 1 қазан деңгейіне облыстың банк жүйесіндегі депозиттер көлемі өткен 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 39,1%-ға өсіп, 93737,8 млн. теңгені құрады, оның ішінде заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі – 29019,8 млн. теңгеге (+ 55,1%), жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі – 64718,0 млн. теңгеге жетті (+ 32,9 %).

Шетел валютасындағы депозиттер көлемі өткен 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,4%-ға өсіп 47265,3 млн. теңгені, ал ұлттық валютадағы депозиттер 46472,5 млн. теңгені (2,3 есеге өсті) құрады. Нәтижесінде 2015 жылдың осы кезеңмен салыстырғанда теңгедегі депозиттердің үлес салмағы 30,2%-дан 49,6%-ға өсті.

Бұрынғыдай халық жинақтарының басым бөлігі (99,9%) мерзімді салымдарға орналастырылған. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда халықтың мерзімді салымдары 33,1%-ға ( 64636,6 млн теңгеге дейін) өсті.

01.10.2016 ж. деңгейіне депозиттер бойынша орташа сыйақы мөлшері, өткен 2015 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,3%-дан 6,5%, оның ішінде: жеке тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 4,5%-дан 6,7 %-ға, ал заңды тұлғалардың депозиттері бойынша сыйақы мөлшері 3,8%-дан 6,0%-ға дейін өсті.

Ұлттық валютадағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 3,5 п.т. 10,2 %-ға дейін өссе, шетел валютасындағы депозиттер бойынша сыйақы мөлшері 0,4 п.т. 2,9 %-ға дейін төмендеді.

**Несие нарығы**

2016 жылдың 1 қазан деңгейіне облыс экономикасын банктермен несиелеудің жалпы көлемі 141281,0 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,6%-ға төмендеді.

Заңды тұлғалардың несиелері бойынша қарызы 29055,7 млн. теңгені (-12,2%), жеке тұлғалар бойынша – 112225,3 млн. теңгені (-3,7 %) құрады. Жеке тұлғалар несиелерінің үлес салмағы 77,9%-дан 79,4 %-ға өсті.

Есепті кезеңде ұлттық валютадағы несиелер бойынша қарыз 6,1%-ға (134212,7 млн. теңгеге) азайды, ал шетел валютасында 4,7%-ға көбейді (7068,3 млн. теңгеге). Нәтижесінде теңгедегі несиелердің үлес салмағы 95,5% -дан 95,0%-ға азайды.

Ұзақ мерзімді несиелер есепті кезеңде 6,3%-ға (131921,3 млн. теңгеге) төмендеп, ал қысқа мерзімді несиелер 6,1%-ға (9359,7 млн. теңге) өсті. Сәйкесінше, ұзақ мерзімді несиелердің үлес салмағы 93, 4%-ды (94,1%) құрады.

Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелердің негізгі қарызы 3,8%-ға (18050,6 млн. теңгеге) төмендеді, бұл барлық қарыз қалдығының 12,8%-ын құрады.

Салалар құрылымында несиелер бойынша қарыздардың басым бөлігі мына салалар үлесіне тиюде: олар сауда (7,6%), көлік және байланыс (7,4%), өндіріс (3,8%), құрылыс (2,7%).

Несиелер бойынша мерзімі өткен қарыздар өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 15,8%-ға азайып 8900,4 млн. теңгені құрады. Мерзімі өткен қарыздардың басым бөлігі, - 74,1% -ы жеке тұлғалар үлесінде болып отыр (6591,7 млн.теңге).

2016 жылдың қыркүйек айында берілген несиелер бойынша сыйақы ставкасы 17,8%-ды құрады, оның ішінде заңды тұлғаларға берілген ұлттық валютадағы несиелер бойынша – 16,3%, жеке тұлғалар бойынша – 18,3%. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несиелер бойынша орташа сыйақы ставкасы 16,0% құрады.

**Валюта нарығы**

2016 жылдың 1 қазан деңгейіне Қызылорда облысы аумағында 56 айырбас пункттері, оның ішінде 42 – уәкілетті банктердің, 1 – Қызылорда ОФ АҚ Қазпочта айырбас пункті және 13 уәкілетті ұйымдардың айырбас пункттері тіркелген.

2016 жылы 9 айда облыс халқымен 79061,8/83648,5 мың АҚШ доллары сатылып/сатып алынды. Осы көрсеткіш 2015 жылы 9 айда 202727,3/103355,9 мың АҚШ долларын құраған. 2016 жылы 9 айда АҚШ долларын орташа сату/сатып алу бағамы 350,22/344,47 теңгені құрады (2015 жылдың сәйкес кезеңінде – 199,68/202,91 теңге).

Еуропалық валютаны сату/сатып алудың жалпы көлемі кезең ішінде 2584,0/2621,8 мың еуроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы 387,41/378,53 теңге). 2015 жылдың сәйкес кезеңінде сату/сатып алу көлемі 3163,2/2044,8 мың Еуроны құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 222,97/215,27 теңге).

Ресей рублін сату көлемі 425782,3 мың Ресей рублін, ал сатып алу көлемі 684343,4 мың Ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 5,11/4,90 теңге). 2015 жылы 9 айда Ресей рублін сату/сатып алу көлемі 1095432,1/591660,6 мың Ресей рублін құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 3,31/3,33 теңге).

Қытай юанын сату көлемі 414,7 мың қытай юанын, ал сатып алу көлемі 318,0 мың қытай юанын құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 54,36/50,15 теңге). 2015 жылы 9 айда қытай юанын сату/сатып алу көлемі 547,7/272,6 мың қытай юанын құрады (орташа сату/сатып алу бағамы – 25,35/28,46 теңге).

**Төлем карточкалары**

2016 жылдың 1 қазан деңгейіне Қызылорда облысы бойынша төлем карточкаларын ұстаушылар саны 2015 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5%-ға төмендеп, 412,5 мың адамды құрап отыр, айналымға шығарылған төлем карточкаларының саны 6,2%-ға азайып, 453,2 мың бірлікті құрады.

Облыс бойынша төлем карточкалары жайлы жалпы көрініс: POS-терминалдар саны 1 484 (+25,8%) бірлік, банкоматтар 303 (+9,0%) бірлік, банктік киоскілер/төлем терминалдары 474 (өзгеріссіз). Төлемге карточка қабылдайтын сауда кәсіпорындарының саны 738 (+36,7%).

2016 жылдың қыркүйек айында Қызылорда облысы аумағында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген қолма қол ақша беру операциялары 523,6 мың транзакцияға жетіп, жалпы сомасы 21 851,2 млн. теңгені құрады.

2016 жылдың қыркүйек айында төлем карточкаларын пайдалану арқылы жүргізілген төлемдер көлемі 854,0 млн. теңгені құрады (2015 жылдың қыркүйек айына қарағанда 9,4%-ға азайған), ал транзакциялар саны 2015 жылдың қыркүйек айымен салыстырғанда 17,3%-ға азайып, 85,4 мың транзакцияны құрап отыр.

**«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ Қызылорда филиалы.**

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. *"АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 8(7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы:
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Таралымы 28928
Тапсырыс № 1338